

## **"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2006 жылғы 1 маусымдағы N 491 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

### **Қазақстан Республикасының Заңы "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы"**

Осы Заң жеке, заңды тұлға (филиал мен өкілдік) үшін сәйкестендіру нөмірін қалыптастырудың негізінде Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жасау мен жүргізудің мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын және құқықтық негіздерін айқындайды.

#### **1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

##### **1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

1. Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері - бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің тіркеу есептерін жүзеге асыруға арналған ақпараттық жүйе;
- 2) бизнес-сәйкестендіру нөмірі - заңды тұлғаға (филиал мен өкілдікке) және бірлескен кәсіпкерлік нысанында қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір;
- 3) Жеке сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері - жеке сәйкестендіру нөмірлерінің тіркеу есептерін жүзеге асыруға арналған ақпараттық жүйе;
- 4) жеке сәйкестендіру нөмірі - дара тұлғаға, соның ішінде өзіндік кәсіпкерлік негізінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкерге қалыптастырылатын бірегей нөмір ;
- 5) сәйкестендіру нөмірі - Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінде белгілі бір тұлғаға қатысты мәліметтер туралы жазбаны жүргізуге мүмкіндік беретін сандық нышандар кезектілігі түрінде болатын жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 6) сәйкестендіру нөмірі бар құжат - тіркеу органы беретін, сәйкестендіру нөмірінің бар екендігін растайтын құжат ;

7) сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру - нәтижесінде Сәйкестендіру нөмірінің ұлттық тізілімдерінде жеке және заңды тұлғалар (филиалдар мен өкілдіктер) туралы мәліметтердің негізінде сәйкестендіру нөмірі қалыптастырылатын процесс;

8) тіркеуші органдар - мәліметтерді тіркеуді және сәйкестендіру нөмірі бар құжаттарды беруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар;

9) уәкілетті мемлекеттік орган - сәйкестендіру нөмірлерінің қалыптастырылуын және Сәйкестендіру нөмірлері ұлттық тізілімдерінің жүргізілуін жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган.

2. Құжаттарда сәйкестендіру нөмірлерін көрсеткен кезде:

1) ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі үшін;

2) БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі үшін ресми қысқарту болып танылады.

## **2-бап. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы заңдар**

1. Қазақстан Республикасының Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы заңы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

## **3-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) сәйкестендіру нөмірін қалыптастырудың тәртібін белгілейді;

2) Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін құру, жүргізу және пайдалану тәртібін, соның ішінде мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелердің Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін құру және енгізу жөніндегі өзара іс-қимыл жасау тәртібін белгілейді;

3) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін дайындау кезінде пайдаланылатын интегралдық микросхемаға қойылатын талаптарды айқындайды.

## **4-бап. Уәкілетті мемлекеттік орган және оның құзыреті**

1. Уәкілетті мемлекеттік орган әділет органдары болып табылады.

2. Уәкілетті мемлекеттік орган:

1) өз құзыреті шегінде Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін құру және енгізу жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;

2) Жеке сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері мен Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жүргізуді ұйымдастыруды жүзеге асырады;

3) сәйкестендіру нөмірін қалыптастыруды орталықтандырылған түрде жүзеге асырады әрі тіркеуші және басқа да мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелерге ақпаратты ұсынады;

4) сәйкестендіру нөмірі бар құжаттардың әзірленуін ұйымдастыруды жүзеге

а с ы р а д ы ;

5) сәйкестендірілген деректердің сыныптауыштары мен анықтамаларын жүргізу тәртібін, олардың құрылымын, құрамы мен форматын белгілейді.

**5-бап. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін құрудың, жүргізудің және қалыптастырудың мақсаты мен міндеттері**

1. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін құрудың және жүргізудің мақсаты Қазақстан Республикасында сәйкестендіру нөмірін енгізу негізінде белгілі бір тұлғаға қатысты мәліметтерді тіркеудің бірыңғай жүйесіне көшу болып табылады.

2. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін құру мен жүргізудің міндеттері: мемлекеттік органдардың ақпараттық дерекқорларын өзектілендіру және ақпараттың қайталануын болдырмақ ақпараттық ресурстарды басқару мен пайдалану т е т і г і н ж е т і л д і р у ;

жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынастарын олардың жүгінуі кезінде рәсімдерді жеделдету және жеңілдету арқылы жетілдіру б о л ы п т а б ы л а д ы .

3. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелердің ақпараттық жүйесі үшін ақпараттық ресурсы болып т а б ы л а д ы .

4. Жеке және заңды тұлға (филиал мен өкілдік) үшін сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдеріндегі белгілі бір жеке, заңды тұлғаға (филиал мен өкілдік) қатысты және мемлекеттік органдар мен мекемелердің ақпараттық жүйелеріндегі мәліметтерді сақтау үшін жүзеге асырылады.

**5. Сәйкестендіру нөмірі:**

- 1) азаматтық хал актілерін тіркеу;
- 2) жеке басын куәландыратын құжатты беру;
- 3) жылжымайтын, жылжымалы мүлік объектілерін, сондай-ақ жылжымайтын заттарға теңестірілген өзге де объектілерді мемлекеттік тіркеу;
- 4) төлемдер және ақша аударымдарын жүзеге асыру, соның ішінде міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды аудару сондай-ақ салық м і н д е т т е м е л е р і н о р ы н д а у ;
- 5) банктерде және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда банк шоттарын ашу мен жүргізу;
- 6) рұқсат беру сипатындағы құжаттарды беру;
- 7) тіркеу сипатындағы құжаттарды беру;
- 8) әскери билетті, офицердің (прапорщиктің) жеке куәлігін беру;
- 9) статистикалық есепке алу;
- 10) сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру;
- 11) сайлауларда және республикалық референдумдарда сайлаушыларды тіркеу;

12) орталық мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелердің ақпараттық жүйелерін жүргізу;

13) заңды тұлғаларды (филиалдарды, өкілдіктерді) тіркеу;

14) жеке кәсіпкерлікті тіркеу кезінде;

15) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген басқа да жағдайларда қолданылады.

## **6-бап. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін құру мен жүргізудің және сәйкестендіру нөмірін қалыптастырудың қағидаттары**

Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін құру мен жүргізудің, сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру, заңдылық, бірлік, міндеттілік, азаматтардың құқықтары мен бостандығын құрметтеу және қорғау, құпиялылық қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

## **7-бап. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жүргізу**

1. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жүргізу Жеке сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері мен Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінің ақпараттық жүйелерімен қамтамасыз етіледі.

2. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері:

1) сәйкестендіру нөмірлері туралы мәліметтерді;

2) тіркеуші және басқа да мемлекеттік органдар мен ұйымдардан алынатын мәліметтерді;

3) Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінің құрамына енетін мәліметтердің барлық өзгерістері туралы ақпараттарды қамтиды.

Сәйкестендіру нөмірлері туралы мәліметтер жеке тұлғаның туған күні, жынысы, заңды тұлғаны (филиал мен өкілдікті) және бірлескен кәсіпкерлік нысанындағы дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы деректерді қамтиды.

3. Уәкілетті мемлекеттік орган:

1) тіркеуші органдардың өтініш берген сәтінен бастап 1 жұмыс күні ішінде сәйкестендіру нөмірін қалыптастыруды;

2) тіркеуші, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелерге ақпарат беруді олар өтініш берген сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде жүзеге асыруға міндетті.

4. Тіркеуші органдар:

1) сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру үшін уәкілетті мемлекеттік органға мәліметтерді уақытында тапсыруды осындай мәліметтер келіп түскен сәттен бастап 1 жұмыс күні ішінде;

2) Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінің ақпараттық жүйелерінің деректерін толықтыру және өзектілік жағдайда ұстауды қолдау үшін осындай мәліметтер келіп түскен сәттен бастап 1 жұмыс күні ішінде уәкілетті мемлекеттік

органға мәліметтерді тапсыруды;

3) Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінен сәйкестендіру нөмірлерін шығару (шартты шығару) үшін уәкілетті мемлекеттік органға мәліметтерді ұсынуды осындай мәліметтер түскен сәттен бастап 1 жұмыс күні ішінде жүзеге асыруға міндетті.

5. Мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелер:

1) Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінің ақпараттық жүйелерінің деректерін толықтыру және өзектілік жағдайда ұстауды қолдау үшін осындай мәліметтер келіп түскен сәттен бастап 1 жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мәліметтерді уәкілетті мемлекеттік органға тапсыруды;

2) Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінен сәйкестендіру нөмірлерін шығару (шартты шығару) үшін осындай мәліметтер келіп түскен сәттен бастап 1 жұмыс күні ішінде уәкілетті мемлекеттік органға мәліметтерді тапсыруды жүзеге асыруға міндетті.

6. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінің ақпараттық ресурстарындағы ақпараттарды қорғауды қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жүргізу бюджеттік қаражат есебінен жүзеге асырылады.

## **2 тарау. СӘЙКЕСТЕНДІРУ НӨМІРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ, ШЫҒАРУ (ШАРТТЫ ТҮРДЕ ШЫҒАРУ)**

### **8-бап. Сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру**

1. Сәйкестендіру нөмірін интегралдық микросхемаға енгізуді уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен қамтамасыз етеді.

2. Сәйкестендіру нөмірін қамтитын интегралдық микросхема Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігіне орналастырылады.

3. Жеке сәйкестендіру нөмірі бар құжаттар мыналар болып табылады:

1) туу туралы куәлік;

2) жеке басын куәландыратын құжаттар:

Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі және Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;

азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;

шетел азаматының Қазақстан Республикасында тұруға рұқсат ықтияр хаты;

3) Қазақстан Республикасының жеке басты куәландыратын құжаты болмаған жағдайда, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар үшін салық төлеушінің куәлігі.

4. Бизнес-сәйкестендіру нөмірі бар құжаттар мыналар болып табылады:

1) бірлескен дара кәсіпкерлік негізінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер

үшін - дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;

2) резидент заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері үшін - заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік;

3) Қазақстан Республикасында қызметін филиалдар мен өкілдіктер арқылы (тұрақты мекеме құрумен) жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалар үшін - филиалды, өкілдікті есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік;

4) Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме (филиал, өкілдік) құрмай-ақ жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалар үшін - Қазақстан Республикасы салық төлеушісінің куәлігі.

5. Мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеу, рұқсат ету және өзге сипаттағы құжаттарды берген кезде сәйкестендіру нөмірін ескеруге міндетті.

Банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар сәйкестендіру нөмірін ескеруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сәйкестендіру нөмірінің құрылымына сәйкес дұрыс көрсетілуін бақылауға міндетті.

6. Жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру:

1) Қазақстан Республикасының азаматы үшін:  
туу туралы куәлікті;

Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжатын беру кезінде:

2) шетел азаматтары үшін Қазақстан Республикасында тұруға рұқсат және (немесе) салық төлеушінің куәлігін;

3) азаматтығы жоқ тұлғалар үшін азаматтығы тұлғаның жоқ жеке басын куәландыратын куәлікті беру кезінде жүзеге асырылады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттарды қайталап және кейіннен берген кезде жаңа жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру жүргізілмейді.

7. Жеке кәсіпкерлік негізінде қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғаны дара кәсіпкер ретінде тіркеу жеке сәйкестендіру нөмірі бойынша жүргізіледі.

Жеке кәсіпкерлік негізінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу кезінде жаңа жеке сәйкестендіру нөмірі берілмейді.

8. Бизнес-сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру:

Бірлескен жеке кәсіпкерлік нысанында қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер үшін бірлескен жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік тіркеу кезінде бір уақытта;

заңды тұлғалар үшін оларды мемлекеттік тіркеу кезінде бір уақытта;

заңды тұлғаның филиалдары мен өкілдіктері үшін, соның ішінде резидент емес үшін оларды есептік тіркеу кезінде бір уақытта;

Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме (филиал, өкілдік) құрмай-ақ қызметін

жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалар үшін салық төлеуші ретінде тіркеу кезінде бір уақытта жүзеге асырылады.

9. Сәйкестендіру нөмірінің құрылымына кіретін мәліметтер өзгерген кезде, қайта тіркеу рәсімі жүргізілмейді.

10. Сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру үшін жеке және заңды тұлғалардың (филиалдар мен өкілдіктердің) өтініштерін тіркеу немесе қабылдау:

- 1) тұрғылықты жері бойынша:  
Қазақстан Республикасының азаматтары үшін;
- 2) келген орны бойынша:

Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар үшін;

Қазақстан Республикасында уақытша тұрып жатқан шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар үшін;

3) жеке кәсіпкерлік туралы заңнамада айқындалған уәкілетті тұлғаның тұрғылықты жері бойынша:

бірлескен кәсіпкерлік нысанында қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер үшін;

4) орналасқан жері бойынша:  
заңды тұлғалар (филиалдар мен өкілдіктер) үшін, соның ішінде Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент емес - заңды тұлғалар үшін;

5) қызметін жүзеге асыру орны бойынша:  
Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме (филиал, өкілдік) құрмай-ақ қызметін жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалар үшін;

6) салық салу объектілерінің орналасқан және (немесе) тіркеу орны бойынша:  
Қазақстан Республикасында салық салынатын объектілерге иелік ететін резидент еместер үшін;

7) резидент-банктің орналасқан жері бойынша:  
резидент-банктерде ағымдағы шоттарын ашатын және осы тармақтың 2)-3), 5)-6) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша сәйкестендіру нөмірлері қалыптастырылмайтын резидент еместер үшін жүзеге асырылады.

### **9-бап. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінен сәйкестендіру нөмірін шығару (шартты шығару)**

1. Жеке сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінен жеке сәйкестендіру нөмірі:

- 1) жеке тұлға қайтыс болғанда;
- 2) жеке тұлғаны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі күшіне енгенде;
- 3) жеке тұлға шетелге тұрақты тұруға кеткен және азаматтығын ауыстырған кезде;
- 4) резидент емес жеке тұлға резидент-банктегі ағымдағы шотын жапқан жағдайда;

5) резидент емес жеке тұлғаның салық салынатын объектілерге және салық салумен байланысты объектілерге құқығы тоқтатылған кезде;

6) резидент емес жеке тұлға Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметін тоқтатқан және Қазақстан Республикасынан шыққан жағдайда шығарылады.

Жеке тұлғаны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімінің күші жойылған жағдайда, бұрын Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінен шығарылған жеке сәйкестендіру нөмірі қайта қалпына келтірілуі тиіс.

2. Жеке сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінен жеке сәйкестендіру нөмірі :

1) жеке тұлғаны хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешім шығарған кезде, ол туралы мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте, көлемде және мерзімде мәлімет ұсынылады;

2) резидент емес Қазақстан Республикасынан кеткен кезде шартты түрде шығарып тасталады ;

Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғаларды қайтадан және кейіннен тіркеу кезінде бұрын қалыптастырылған жеке сәйкестендіру нөмірімен құжат беріледі.

3. Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінен бизнес-сәйкестендіру нөмірі :

1) заңды тұлға (филиалы, өкілдігі) таратылған кезде;

2) бірлескен жеке кәсіпкерлік нысанында қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыруды тоқтатқан кезде;

3) резидент емес заңды тұлғаның салық салу объектілеріне және салық салумен байланысты объектілерге құқығы тоқтатылған кезде;

4) резидент емес заңды тұлға резидент-банктегі ағымдағы шотын жапқан жағдайда;

5) резидент емес заңды тұлға Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметін тоқтатқан және Қазақстан Республикасынан шыққан жағдайда шығарылады.

4. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінен сәйкестендіру нөмірін шығару (шартты түрде шығару) мемлекеттік органдардың, заңды және жеке тұлғалардың өтініштері негізінде жүргізіледі. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінен шығарылған (шартты шығарылған) сәйкестендіру нөмірлері Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері жүйесінің ақпараттық қорында сақталуы тиіс.

#### **10-бап. Мәліметтер құпиясы**

1. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдеріндегі мәліметтер мынадай:

1) уәкілетті мемлекеттік органның жазбаша рұқсатының негізінде Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінің ақпараттық жүйелері деректерінің өзекті жағдайын қолдау мақсатында тіркеуші органға ұсынылатын;

2) құқық бұзған және қылмыс жасаған адамдарды заң бойынша қудалау мақсатында құқық қорғау органына; құқық бұзғаны және қылмыс жасағаны үшін жауаптылығын белгілеу туралы істерді қарау барысында сотқа ұсынылатын мәліметтерді қоспағанда



ж а р и я

е т у г е

ж а т п а й д ы .

2. Жеке немесе заңды тұлғаға қатысты ақпаратты, жеке немесе заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нотариатты куәландырылған жазбаша рұқсатынсыз басқа тұлғаға беруге болмайды.

3. Осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінде қамтылған мәліметтер уәкілетті мемлекеттік органның жария е т у і н е ж а т п а й д ы .

4. Уәкілетті мемлекеттік орган мен тіркеуші органдардың лауазымды тұлғалары Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдеріндегі мәліметтерді жария етуге құқылы е м е с .

5. Жеке және заңды тұлғалардың сәйкестендіру нөмірлері туралы мәліметтерді қамтитын құжаттарды, ақпараттық жүйелердің мемлекеттік деректер қорын немесе өзге де ақпараттық таратқыштарды жоғалту немесе мұндай мәліметтерді жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікке әкеліп соқтырады.

## **11 бап. Осы Заңды қолданысқа енгізудің тәртібі туралы**

1. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай өткен соң жеке және заңды тұлғалар (филиалдар мен өкілдіктер), сондай-ақ дара кәсіпкерлер сәйкестендіру нөмірлерін қалыптастыру және бұрын берілген құжаттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен қайта ресімдеу үшін тіркеуші органдарға өтініш беруге міндетті.

3. Осы Заңның 8-бабының 3-4-тармақтарында санамаланған құжаттарда қалыптастырылған сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда үш жыл өткеннен кейін осы баптың 2-тармағында көзделген мерзім өткен сәттен бастап жарамсыз деп т а н ы л а д ы .

Жеке және заңды тұлғалар (филиалдар мен өкілдіктер), сондай-ақ дара кәсіпкерлер кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы сыныптауышының сәйкестендіру кодын, салық төлеушінің тіркеу нөмірін және әлеуметтік жеке кодын осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген мерзімге сәйкестендіру нөмірлерімен тең пайдаланады.

4. Жинақтаушы зейнетақы қорлары мен салымшылар арасында жасалған зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар оған жеке сәйкестендіру нөмірін растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса берген кезде күшінде қалады немесе оларға жеке сәйкестендіру нөмірін енгізу үшін қайтадан жасалуы мүмкін.

Міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттер жеке сәйкестендіру нөмірін бұрын берілген әлеуметтік жеке кодымен қатар есепке алуға міндетті.

Осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай өткеннен кейін жасалатын зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарда ол жеке тұлғада болған жағдайда

жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

5. Қайта ресімдеу кезінде сәйкестендіру нөмірі бар құжаттарды беру, бұрын берілген құжаттарды тіркеу органына тапсырған жағдайда бюджеттің қаражаты есебінен жүргізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ